

# **«МАРШ (СТРАХОВЫЕ БРОКЕРЫ)» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке қаржы есептілігі және  
Тәуелсіз аудиторлар есебі

# **«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

## **Мазмұны**

### **Бет**

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	1
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ	2-4
2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ:	
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы жеке есеп	5
Қаржы жағдайы туралы жеке есеп	6
Катысушы капиталындағы өзгерістер туралы жеке есеп	7
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы жеке есеп	8-9
Жеке қаржы есептілігіне ескертулер	10-31

# **«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке қаржы Есептілігін өзірлеу және Бекіту Жауапкершілігі туралы Басшылық  
Мәлімдемесі**

Басшылық Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына (бұдан әрі «ХКЕС» деп аталады) сәйкес 2017 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі (бұдан әрі «Компания» деп аталады) жеке қаржы жағдайын, сонымен қатар осы күні аяқталған жыл іші қызметінің нәтижелерін, ақшалай қаражаттың қозғалысын және қатысушы капиталындағы өзгерістерді айқын көрсететін жеке қаржы есептілігін өзірлеуге жауапты болады.

Жеке қаржы есептілігін өзірлеу кезінде басшылық төмендегілерге жауапты болады:

- Есеп саясаты қағидаларының дұрыс таңдалуы мен қолданылуын қамтамасыз ету;
- Ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді, ондай ақпараттың орынды болуын, растығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететіндей түрде ұсыну;
- Пайдаланушылар жеке қаржы жағдайына және Компания қызметінің қаржы нәтижелеріне қандай да бір мәміленін, сонымен қатар оқиғалардың немесе жағдайлардың әсер етуі есептілігін түсініү үшін ХКЕС талаптарын орындау жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Компанияның болашақта қызметін жалғастыра алу қабілетін бағалау.

Басшылық төмендегілерге де жауапты болады:

- Компанияның ішкі бақылау жүйесін өзірлеу, енгізу және оның тиімділігі мен сенімділігін қолдау;
- Компания мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сонымен қатар кез келген күні Компанияның жеке қаржы жағдайы туралы жеткілікті түрде дәл ақпарат беруге және жеке қаржы есептілігінің ХКЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге болатындај жүйеде есеп жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу;
- Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша ақылға қонымыды барлық ықтимал шараларды қолдану; және
- Жосықсыз іс-әрекеттер мен басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтау және олардың алдын алу.

Компанияның 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші жеке қаржы есептілігін басшылық 2018 жылғы 16 сәуірде бекітті.



Басшылық атынан:  
Андрей Комарковский  
<мөр><қолы>  
Бас басқарушы

2018 жылғы 16 сәуір  
Қазақстан, Алматы қаласы

Ирина Ким  
Бас бухгалтер

2018 жылғы 16 сәуір  
Қазақстан, Алматы қаласы

## **Жеке қаржы есептіліктің аудиті үшін аудитор жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан жеке қаржы есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында мүмкін елеулі бұрмалаушылықтардың анықталуына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесі болуы мүмкін және егер олардың жеке қаржы есептілік негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алатыны негізді түрде болжанса, елеулі болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан жеке қаржы есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді өзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылауларды зерделейміз, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипаттын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының зандалығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Компанияның үздіксіз қызмет жалғастыра алатынына елеулі құдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізді модификациялаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілеттігінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- жеке қаржы есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қатысушысына және Басшылығына:

### Пікір

Біз 2017 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайы туралы жеке есептен, осы күні аяқталған жыл іші пайда мен шығын және өзге жынытық кіріс туралы, қатысушы капиталындағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы жеке есептерінен, сонымен қатар жеке қаржы есептілігіне қатысты ескертудерден, соның ішінде есеп саясатының негізгі қағидаларына жасалған қысқаша шолудан тұратын «Марш (Страховые брокеры)» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі «Компания» деп аталады) қоса берілген жеке қаржы есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген жеке қаржы есептілігі Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына («ХКЕС») және Компанияның бекітілген есеп саясатына сәйкес 2017 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша Компанияның қаржы жағдайын, сонымен қатар осы күні аяқталған жылдағы қаржы нәтижелері мен ақшалай қаражат қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді.

### Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі «ХАС») сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз есебіміздің «Жеке қаржы есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кенесстің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне (бұдан әрі «Кодекс») және Қазақстан Республикасында қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Компанияға қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптармен және Кодекспен белгіленген өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз пікір білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдеме алдық.

### Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың жеке қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Компания басшылығы жеке қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХКЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын жеке қаржы есептілігін дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Жеке қаржы есептілігін дайындау барысында басшылық Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттеген жағдайларды, немесе басшылықтың Компанияны таратуға немесе қызметін тоқтатуға баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Компанияның жеке қаржы есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

«Делойт» атауы бір немесе бірнеше кез келген «Делойт Туш Томацу» тобынан кіретін заңды тұлғалардың біріне қатысты, оның қатысушыларының жауапкершілігі олар көпілдік берген көлеммен шектелетін, Ұлыбритания заңнамасына сәйкес түркелген жеке компания болып табылады; әр сондай заңды тұлға жекеше және тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. «Делойт Туш Томацу Лимитед» тобының және оған кіретін заңды тұлғалардың заңды күрьшлимы туралы әкпарат келесі сайтта көрсетілген: [www.deloitte.com/about](http://www.deloitte.com/about). «Делойт» ТМД заңды күрьшлимы туралы әкпарат келесі сайтта көрсетілген:

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сонымен қатар аудит барысында анықталған елеулі мәселелер, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

### **Әзге мәліметтер**

Жеке қаржы есептілігіне 2-ескертуде көрсетілгендей, Компания сонымен қатар шоғырландырылған қаржы есептілігін де жасайды. Бұл жеке қаржы есептілігі Компания басшылығы 2018 жылғы 16 сәуірде шығаруға бекіткен шоғырландырылған қаржы есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

<қолы>

Марк Смит

Тапсырма бойынша серіктестік  
Шотландия лицензияланған  
бухгалтерлер институтының  
лицензияланған бухгалтері  
№ M21857 лицензия  
Шотландия, Глазго қ.,

<мәр><қолы>  
Роман Саттаров  
Орындаушы аудитор  
2013 жылғы 31 мамырдағы  
№ МФ-0000149  
аудитордың біліктілік күелігі

<мәр><қолы>  
Нұрлан Бекенов  
Бас директоры  
«Делойт» ЖШС  
Қазақстан Республикасында  
аудит қызметін жүзеге асыруға арналған  
мемлекеттік лицензия  
түрі МФЮ-2, № 0000015  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі берген  
2006 жылғы 13 қыркүйектегі

2018 жылғы 16 сәуір  
Қазақстан, Алматы қаласы

**«Марш (Страховые Брокеры)»**  
**Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші**  
**Пайда мен Шығын және Өзге Жиынтық Кіріс туралы Жеке Есебі**  
**(мың Қазақстандық теңгемен)**

	Ескер- тулер	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстар	14	841,990	850,288
Басқа табыстар	14	-	65
<b>Табыстар жиынтығы</b>		<b>841,990</b>	<b>850,353</b>
Жалпы және әкімшілік шығындар, соның ішінде:	4, 14	(431,786)	(360,749)
Еңбекақы бойынша шығындар және іссапар шығындары	4, 14	(296,421)	(208,522)
Бас компанияның басқару қызметтері үшін төленетін комиссия	4, 14	(57,335)	(45,648)
Кәсіби қызметтер	4	(21,973)	(43,969)
Жал бойынша шығындар	4	(16,651)	(16,651)
Тозу және амортизация	4, 9	(7,326)	(8,092)
Салықтар, пайдаға салынатын салықты қоспағанда Құнсыздандыру арналған резервтерді (қалыптастыру)/қалпына келтіру	5	(453)	(289)
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза (залал)/пайда		(96)	5,478
		(939)	8,914
<b>Шығындар жиынтығы</b>		<b>(432,821)</b>	<b>(346,357)</b>
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		409,169	503,996
Пайдаға салынатын салық бойынша шығын	6	(102,314)	(105,449)
<b>ТАЗА ПАЙДА</b>		<b>306,855</b>	<b>398,547</b>
<b>ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖИЫНТЫҒЫ</b>		<b>306,855</b>	<b>398,547</b>



*Об Уланов*  
 «қолы»  
 Ирина Ким  
 Бас бухгалтер

2018 жылғы 16 сәуір  
 Казақстан, Алматы қаласы

10-31 беттердегі жеке қаржы есептілігіне қатысты ескертулер — осы жеке қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі.

**«Марш (Страховые Брокеры)»  
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

2017 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша  
Қаржы Жағдайы туралы Жеке Есеп  
(мын Қазақстандық тенгемен)

	Ескерту лер	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ағымдағы Активтер:			
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	7	733,946	967,326
Дебиторлық берешек	8, 14	294,222	86,650
Болашақ кезеңдердің шығындары		3,193	2,789
Кейінге қалдырылған салық активтері	6	15,696	4,859
Ағымдағы пайдаға салынатын салық бойынша активтер		2,973	-
Басқа салық активтері		94	147
Басқа активтер		5,140	612
<b>Ағымдағы активтер жиынтығы</b>		<b>1,055,264</b>	<b>1,062,383</b>
Ұзақ мерзімді Активтер:			
Негізгі құралдар	9	17,721	24,672
Материалдық емес активтер	9	1,982	2,185
Еншілес кәсіпорынға салынған инвестициялар		117	117
<b>Ұзақ мерзімді активтер жиынтығы</b>		<b>19,820</b>	<b>26,974</b>
<b>Активтер жиынтығы</b>		<b>1,075,084</b>	<b>1,089,357</b>
<b>ҚАТЫСУШЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ МЕН КАПИТАЛЫ</b>			
Ағымдағы міндеттемелер:			
Болашақ кезеңдердің табыстары		-	127
Кредиторлық берешек	10, 14	41,130	31,180
Ағымдағы пайдаға салынатын салық бойынша міндеттемелер		-	38,672
Басқа міндеттемелер	11	80,788	29,152
<b>Ағымдағы міндеттемелер жиынтығы</b>		<b>121,918</b>	<b>99,131</b>
Қатысуши капиталы:			
Жарғылық капитал	12	10,000	10,000
Бөлінбеген пайда		943,166	980,226
<b>Қатысуши капиталының жиынтығы</b>		<b>953,166</b>	<b>990,226</b>
<b>Қатысуши міндеттемелері мен капиталының жиынтығы</b>			
		<b>1,075,084</b>	<b>1,089,357</b>



Басшылық атынан:  
<мэр><қолы>  
Андрей Комарковский  
Бас басқарушы

2018 жылғы 16 сәуір  
Қазақстан, Алматы қаласы

Колы  
Ирина Ким  
Бас бухгалтер

2018 жылғы 16 сәуір  
Қазақстан, Алматы қаласы

10-31 беттердегі жеке қаржы есептілігіне қатысты ескертулер — осы же жеке қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі.

**«Марш (Страховые Брокеры)»  
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қатысушы Капиталындағы Өзгерістер туралы Жеке Есебі  
(мың Қазақстандық теңгемен)


	Ескерту	Жарғылық капитал	Бөлінбegen пайда	Барлығы
<b>2015 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша</b>		10,000	581,679	591,679
Жиынтық табыс жиынтығы		-	398,547	398,547
<b>2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша</b>	<b>12</b>	<b>10,000</b>	<b>980,226</b>	<b>990,226</b>
Жиынтық табыс жиынтығы		-	306,855	306,855
Төленген дивидендтер	12	-	(343,915)	(343,915)
<b>2017 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша</b>	<b>12</b>	<b>10,000</b>	<b>943,166</b>	<b>953,166</b>

**Басшылық атынан:**

  
 <мөр><қолы>  
**Андрей Комарковский**  
 Бас басқарушы

2018 жылғы 16 сәуір  
 Қазақстан, Алматы қаласы

10–31 беттердегі жеке қаржы есептілігіне қатысты ескертулер — осы жеке қаржы есептілігінің ажырамас белгіі.

  
 <қолы>  
**Ирина Ким**  
 Бас бухгалтер

2018 жылғы 16 сәуір  
 Қазақстан, Алматы қаласы

**«Марш (Страховые Брокеры)»  
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Ақшалай Қаражаттың Қозғалысы туралы Жеке Есебі  
(мын Қазақстандық теңгемен)**

	Ескер- тулер	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ</b>			
<b>ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>			
Салық салуға дейінгі пайда		409,169	503,996
Мыналарга жасалған түзетулер:	5, 10	7,326	8,092
Тозу және амортизация	6	96	(5,478)
Кұнсыздануға арналған резервтерді қалыптастыру/(қалпына келтіру)			
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат ағыны		416,591	506,610
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер:			
Операциялық активтердің (көбеюі)/азауы:			
Дебиторлық берешек	(207,668)	135,558	
Болашақ кезеңдердің шығындары	(404)	(226)	
Басқа салық активтері	53	(31)	
Басқа активтер	(3,589)	(8,962)	
Операциялық міндеттемелердің көбеюі/(азауы):			
Болашақ кезеңдердің табыстары	(127)	(4,580)	
Кредиторлық берешек	9,950	26,354	
Басқа міндеттемелер	51,636	7,837	
Салық салуға дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат ағыны	266,442	662,560	
Төленген пайдаға салынатын салық	(154,796)	(144,685)	
Салық салынғаннан кейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны	111,646	517,875	
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ</b>			
<b>ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	9	(172)	(5,973)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер		-	2,977
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза жылыстауы		(172)	(2,996)

«Марш (Страховые Брокеры)»  
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Ақшалай Қаражаттың Қозғалысы туралы Жеке Есебі (Жалғасы)  
(мын Қазақстандық тәнгемен)**

	Ескер- тулер	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<b>ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТИНЕҢ ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>			
Төленген дивидендер	12	(343,915)	-
Қаржы қызметинен түсken ақшалай қаражаттың таза жылыштауы		(343,915)	-
<b>АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА КӨБЕЮІНІҢ ЖИЫНТЫФЫ</b>		(232,441)	514,879
Шетел валютасы бағамы өзгерісінің ақшалай қаражат пен оның баламаларына әсері		(939)	8,914
<b>АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жылдың басында</b>	7	<b>967,326</b>	<b>443,533</b>
<b>АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жылдың аяғында</b>	7	<b>733,946</b>	<b>967,326</b>

## Басшылық атынан:

**«Мер» «Қолы»**  
**Андрей Комаров**  
**Бас басқарушы**

2018 жылғы 16 сәуірде  
Казакстан, Алматы

10-31 беттердегі жеке қаржы есептілігіне қатысты ескертулер — осы жеке қаржы есептілігінің ажырамас белігі.

**Ирина Ким**  
**Бас бүхгалтэр**

2018 жылғы 16 сәуір  
Казакстан, Алматы қаласы

2018 жылғы 16 сәуір  
Казакстан, Алматы қаласы

# «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер  
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

## 1. ҰЙЫМ

«Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС (бұдан әрі «Компания» деп аталады) — Қазақстан Республикасында 2000 жылғы наурызда тіркелген Жауапкершілігі шектеулі серіктестік. 2001 жылғы мамыр айында Компания қайта тіркеліп, «Марш» ЖШС атауын «Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС атауына өзгертті. Компания қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі реттейді. Компания өз қызметін 2001 жылғы 26 желтоқсандағы № 3 лицензияға, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2001 жылғы 3 мамырда берген № 31698-1910-ТОО занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы күәлікке сәйкес жүзеге асырады. Компанияның негізгі қызметі — қазақстандық және халықаралық компанияларға сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша брокерлік және консалтинглік қызметтер көрсету.

Компания жеке қаржы есептілігіне кірмеген «Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС-тың бас компаниясы болып табылады:

Атауы	Қызметін жүргізетін ел	Қатысу пайызы/дауыс берушілер пайызы (%)		Қызмет түрі
		2017 жыл	2016 жыл	
«Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС	Қазақстан	99,9 %	99,9 %	Тәуекелдерді басқару бойынша консалтинглік қызметтер

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша «Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС-тың жарғылық капиталының 0,1 %-ы «Марш энд МакЛеннан Компанииз Сервисез Б.В.» (Нидерланд) компаниясына тиесілі болған.

«Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС 2008 жылғы 9 маусымда Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік түрінде құрылды. «Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС-тың негізгі қызметі — тәуекелдерді басқару бойынша сараптамалық және консалтинглік қызметтер көрсету.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компания Нидерландта тіркелген «Марш энд МакЛеннан Компанииз Сервисез Б.В.» компаниясына тиесілі болған.

2015 жылғы 19 ақпанда «Марш (Иншуранс Сервисез) Лтд» компаниясының алдыңғы қатысушысы Компаниядағы өз үлесін табыстап, нәтижесінде «Марш энд МакЛеннан Компанииз Сервисез Лтд» (бұдан әрі «Бас компания» деп аталады) Компанияның жалғыз иесіне айналды.

Әдеттегі қызметі барысында Компания Marsh Group компанияларымен операциялар жасайды. Мұндай операцияларға брокерлік қызметтер, Бас компанияның басқаруы бойынша қызметтер және кеңес беру қызметтері кіреді (және онымен шектелмейді). 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Marsh Group компанияларының дебиторлық берешегі Компания активтерінің жалпы сомасының тиісінше 91,8 % және 76,0 % құрады. 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардың Marsh Group қызметтері үшін есептелген брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстары брокерлік қызметтер бойынша жалпы комиссиялық табыстың тиісінше 63,4 % және 81,4 % құрады. Сондықтан Marsh Group компаниясына қатысты активтер мен брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстың шоғырлануы бар. Байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша ақпарат 14-ескертуде ашып көрсетілген.

Компанияның тіркелген кеңесі міндеттес мекенжайды орналасқан: 050020, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Митин көш., 17.

# **«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық тенгемен)**

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компания қызметкерлерінің саны 16 адамды құрады.

Осы жеке қаржы есептілігін Басшылық 2018 жылғы 16 сәуірде басып шығаруға бекітті.

## **2. Есеп саясатының негізгі принциптері**

### **Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Осы жеке қаржы есептілігі Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына («ХКЕС») сәйкес әзірленген.

Осы жеке қаржы есептілігі — «Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС бас компаниясының есептілігі. Бұл жеке қаржы есептілігінде еншілес кәсіпорын шоғырландырылмайды. Еншілес кәсіпорынға салынған инвестиция өзіндік құны бойынша көрсетілген. Осы жеке қаржы есептілігі Компания басшылығы 2018 жылғы 16 сәуірде шығаруға бекіткен шоғырландырылған қаржы есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

ХКЕС-қа сәйкес шоғырландырылған қаржы есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген компания — «Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС-тың қоғамдық пайдалану үшін шығарылған. Шоғырландырылған қаржы есептілігін Қазақстан Республикасы, 050020, Алматы қ., Митин к-сі, 17-үй мекенжайында тіркелген «Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС кеңесінен алуға болады.

Осы жеке қаржы есептілігі, басқасы көрсетілмесе, мын қазақстандық тенгемен (мын тенге) көрсетілген. Осы жеке қаржы есептілігі тарихи құны бойынша есеп принциптеріне сәйкес әзірленген.

Тарихи құны әдетте тауарлар мен қызметтерге айырбас ретінде берілген сыйақының әділ құны негізінде анықталады.

Әділ құны активтерді сатудан алынуы тиіс болған немесе нарыққа қатысушылар арасындағы кәдімгі мәміле шеңберінде міндеттемелерді табыстау кезінде бағалау құні төленуі тиіс болған бағаны, ондай бағаның тікелей бақыланатын немесе бағалаудың басқа әдісін пайдаланып есептеу арқылы алынған болуы-болмауына тәуелсіз көрсетеді. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалауда Компания нарыққа қатысушылар актив немесе міндеттеменің сипаттамаларын бағалау құні актив немесе міндеттеме құнын қалыптастыруда есепке алғанда осындағы сипаттамаларды есепке алады. Әділ құны бойынша бағалау және/немесе әділ құнды бағалауға қатысты ақпаратты жариялау үшін осы жеке қаржы есептілігіндегі әділ құны, келесілерді қоспағанда, жоғарыда берілген тәсілмен анықталады: ХКЕС 2 қолданылу аясына қатысты меншікті үлестік құралдар негізіндегі төлемдері бар мәмілелер, ХКЕС (IAS) 17 қолданылу аясына қатысты жалға беру операциялар, сонымен қатар әділ құнмен салыстыруға келетін, бірақ ХКЕС (IAS) 2 стандартындағы ықтимал сатудың таза құны немесе ХКЕС (IAS) 36 стандартындағы пайдалану құны сияқты әділ құны болып саналмайтын бағалаулар.

Сонымен қатар қаржы есептілігін әзірлеу мақсаттарында әділ құнды бағалау әділ құнның иерархиясы негізінде (1, 2 немесе 3-денгей) жіктеледі. Денгейлер әділ құнды нарықтық деректер негізінде тікелей анықтау мүмкіндігіне сәйкес келеді және жалпы әділ құнды бағалау кезінде қолданылған бастапқы деректердің маңыздылығын көрсетеді:

- 1 Денгейдегі бастапқы деректер Компанияға бағалау құні қолжетімді болған, түзетуді қажет етпейтін белсенді нарықтардағы бірдей активтердің немесе міндеттемелердің баға белгіленімдері болып табылады;
- 2 Денгейдегі бастапқы деректер 1 Денгей үшін анықталған баға белгіленімдері емес, бірақ актив немесе міндеттеме үшін нарықта тікелей не жанама түрде бақыланатын баға белгіленімдері болып табылады; және
- 3 Денгейдегі бастапқы деректер актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректер болып табылады.

# **«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық теңгемен)**

## **Қолданыстағы валюта**

Осы жеке қаржы есептілігінің қолданыстағы валютасы қазақстандық теңге (теңге) болып саналады.

## **Үздіксіз қызмет принципі**

Осы жеке қаржы есептілігі Компания болашақта өз қызметін жалғастырады деген есеппен жасалған.

Есеп саясатының негізгі ережелері төменде көрсетілген.

## **Еншілес үйымдарға салынған инвестициялар**

Еншілес үйым — үйым, соның ішінде Компания бақылайтын серіктестік сияқты занды тұлға құқығы жоқ үйым. Еншілес үйымға салынған инвестициялар кез келген құнсыздануды (егер болса) алып тастағандағы сатып алу бағасы бойынша есепке алынады.

## **Қаржы құралдары**

Компания тиісті қаржы құралына қатысты шарт бойынша тарапы болғанда, қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері Компанияның қаржы жағдайы туралы жеке есепте көрсетіледі. Компания есеп айырықсан күні қаржы активтерін және міндеттемелерін сатып алу мен іске асырудың түрақты сипатын көрсетеді.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін (пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінен басқа) сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты транзакциялық шығындар бастапқы тану кезінде қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құнын тиісінше көбейтеді немесе азайтады. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей қатысты транзакциялық шығындар, пайда мен залал және жынытық табыс туралы жеке есепте тікелей танылады.

## **Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату**

### **Қаржы активтері**

Компания қаржы активтерін тануды олар бойынша ақша ағынына шарттық құқықтары тоқтатылған немесе қаржы активін және тиісті тәуекелдер мен пайданы басқа тарапқа берген жағдайдаған тоқтатады. Компания активке иелік етуден болған барлық негізгі тәуекелдер мен пайданы бермесе және сақтамаса, сондай-ақ берілген активті бақылауды жалғастыrsa, ол осы активте өз үлесін және тиісті сомаларды ықтимал төлеу бойынша онымен байланысты ықтимал міндеттемелерді көрсетуді жалғастырады. Компания берілген қаржы активіне иелік етуден болатын барлық дерлік тәуекелдер мен пайданы өзінде қалдыrsa, ол осы қаржы активін есепке алуды жалғастырады, ал табыстау кезінде алған қаражатты қамтамасыз етілген қарыз ретінде көрсетеді.

Қаржы активін толық есептен шығарғанда активтің баланстық құны мен алынған және алуға тиесілі сыйақы сомасының арасындағы айырма, сонымен қатар басқа да жынытық пайдада танылған және капиталға жинақталған жынытық пайда немесе залал пайдада немесе залалға жатады.

# **«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық тенгемен)**

Қаржы активін тану толық тоқтатылмаса (мысалы, Компания берілген активтің бір бөлігін сатып алу құқығын өзінде қалдырған жағдайда) Компания жалғасатын қатысу шеңберінде активті тану жалғасатын бөлігі мен тану тоқтатылған бөлігі арасында, активтер берілетін құнгі осы бөліктердің әділ құнының салыстырмалы мәндерін басшылыққа ала отырып, осы қаржы активінің алдыңғы баланстық құнын бөледі. Есептен шығарылатын бөлікке бөлінген баланстық құн мен есептен шығарылатын бөліктен алынған сыйақы сомасы арасындағы айырма, сонымен қатар басқа да жиынтық табыста танылған кез келген жинақталған оған бөлінген пайда немесе залал, пайдаға немесе залалға жатады. Басқа да жиынтық табыста танылған табыстар немесе шығындар үстап қалатын және есептен шығарылатын бөліктердің әділ құннына пропорционал үлестіріледі.

## **Қаржы міндеттемелері**

Компания қаржы міндеттемелерін олар өтелгенде, күші жойылғанда немесе олар бойынша талап ету мерзімі аяқталған жағдайда ғана тануды тоқтатады. Қолда бар қаржы міндеттемесі айтарлықтай ерекшеленетін жағдайларда сол кредитордың алдында басқа міндеттемеге алмастырылатын кезде немесе қолда бар міндеттеме талаптары айтарлықтай өзгеретін болса, мұндай алмастыру немесе өзгеру бастапқы міндеттемені есептен шығару және жаңа міндеттемені тану ретінде есепке алынады. Тануы тоқтатылатын қаржы міндеттемесінің баланстық құны және төленген немесе төлеуге тиесілі сыйақы арасындағы айырма пайдада немесе залалда танылады.

## **Ақшалай қаражат пен оның баламалары**

Ақшалай қаражат пен оның баламалары үш айға дейінгі бастапқы өтеу мерзімі бар ағымдағы шоттардағы бос ақша қалдықтарын қамтиды.

## **Дебиторлық берешек**

Дебиторлық берешек құнсызданудан болған залалды шегергендегі номиналды құны бойынша көрсетіледі.

## **Құнсыздануға арналған резерв**

Компания қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсызданғаны туралы объективті айға болған кезде қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған залалды есепке алады. Құнсызданудан болған залал баланстық құн мен қүтілетін ақша түсімдерінің ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде бағаланады. Егер кейінгі кезеңде құнсыздану мөлшері азайса және мұндай азаюды құнсыздануды танығаннан кейін орын алған оқиғамен дұрыс байланыстыруға болатын болса, бұрын танылған құнсызданудан болған залал резерв шоғын түзету арқылы қалпына келтіріледі.

Құнсызданудан болған залалды тәуекелдерге ұшырағыш активтерді талдау негізінде есептейді және ол басшылықтың пікірі бойынша орын алған залалды жабуға жеткілікті соманы көрсетеді. Резервтер елеулі болып саналатын қаржы активтерінің тәуекелдерін бағалау негізінде және елеулі болып саналмайтын қаржы активтерінің ұжымдық бағалауы негізінде есептеледі.

Құнсызданудан болған залал өзгерісі пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс туралы жеке есепте беріледі, ал қаржы жағдайы туралы жеке есепте берілген активтер құнсызданудан болған залалдың жалпы мөлшеріне азаяды. Компанияның құнсызданудан болған залал туралы айғақтың объективті болу-болмауын анықтауда бағалайтын факторларға контрагенттердің етімділігі, төлем қабілеттілігі мен іскерлік және қаржылық тәуекелдерге ұшырағыштығы, үқас қаржы активтеріне қатысты төлемге қабілетсіздік деңгейі немесе үрдісі, үлттық немесе жергілікті экономикалық үрдістер мен жағдайлар туралы ақпарат кіреді. Осы және басқа да факторлар жекелей немесе бірге қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануынан болған залалды тану үшін айтарлықтай объективті айға бола алады.

Залалды бағалау субъективті факторды қамтитынын назарға алған жөн.

# **«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық тенгемен)**

Компания басшылығы құнсызданудан болған залал орын алған залалды жабуға жеткілікті деп есептейді, алайда белгілі кезеңдерде Компания құнсызданудан болған залалмен салыстырғанда үлкен зиян шегуі мүмкін.

## **Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер**

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер есептелген тозу мен амортизацияны шегергенде бастапқы құны бойынша есепке алынады.

Тозу мен амортизация активтерді пайдалы қолдану мерзімі ішінде есептен шығару мақсатында негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің бастапқы құны бойынша есептеледі. Тозу мен амортизация келесі орнатылған жыл сайынғы нормаларды қолданып, бірқалыпты есептен шығару әдісі негізінде есептеледі:

Компьютерлік жабдық	25-33 %
Жиһаз және басқа негізгі құралдар	7-33 %
Автокөлік	20 %
Материалдық емес активтер	10 %

Капиталдандыру талаптарына сәйкес келмесе, ағымдағы және курделі жөндеу бойынша шығындар операциялық шығындармен бірге олардың орын алған кезеңінде пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс туралы жеке есепте көрсетіледі.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құны олардың өтелетін құнинан асу-аспауы әр есеп беру күні бағаланады. Өтелетін құны — сату және оны пайдалану құндылығы бойынша шығындарды шегергенде әділ құнның ең үлкен мәні. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құны олардың өтелетін құнинан асқан жағдайда, Компания негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құның олардың өтелетін құнына дейін азайтады, мұндай азайту тиісті кезеңде танылып, операциялық шығындарға қосылады. Құнсызданудан болған залал көрсетілгеннен кейін активтердің қайта есептелген баланстық құнын қалған пайдалы қолдану мерзімі ішінде біркелкі үlestіру мақсатында негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша тозу мен амортизация кейінгі кезеңдерде қалдық құнды (егер ондай болжанатын болса) шегере отырып түзетіледі.

## **Салық салу**

Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар төлеуге есептелген ағымдағы салық пен кейінге қалдырылған салық қосындысы болып табылады.

## **Ағымдағы салық**

Төлеуге есептелген ағымдағы салық сомасы бір жылдағы салық салынатын пайда мөлшерінен анықталады. Салық салынатын пайда салық салынатын немесе басқа есептік кезеңдерде салық салу мақсаттарында шегерілетін табыс немесе шығындар баптарының себебінен пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс туралы жеке есепте көрсетілген пайдадан өзгешеленеді, сонымен қатар салық салынбайтын немесе салық салу мақсаттарында шегерілмейтін баптарды қамтымайды. Компанияның ағымдағы салық бойынша міндеттемелері есептік кезең аяқталғанға дейін заңнамамен күшіне енгізілген салық салу мөлшерлемесін пайдаланып есептеледі.

# **«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық тенгемен)**

## **Кейінге қалдырылған салық**

Кейінге қалдырылған салық жеке қаржы есептілігінде көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны және салық салынатын пайданы есептегендеге қолданылатын салық есебінің тиісті деректері арасындағы уақытша айырмашылықта қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері әдетте салық салынатын барлық уақытша айырмашылықтарды есепке алып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері болашақта салық салынатын пайда туындауының үлкен ықтималдығы жағдайында барлық шегерілетін мезгілдік айырмаларды есепке алып, осы мезгілдік айырмаларды пайдалану үшін көрсетіледі. Мезгілдік айырмалар гудвилге байланысты болса немесе салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да әсер етпейтін мәмілелер (бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелерден басқа) шеңберіндегі басқа активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану салдарынан туындаитын болса, салық активтері мен міндеттемелері қаржы есептілігінде берілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әр есептік кезең соңында қайта қаралады және ол болашақта осы активтерді толық немесе ішінара пайдалануға жеткілікті салық салынатын пайданың туындау ықтималдығы бұдан әрі жоғары болмаған жағдайда азаяды.

Кейінге қалдырылған пайдаға салынатын салық бойынша активтер мен міндеттемелер есеп беру күнінде заңнамамен бекітілген немесе бекітілді деуге болатын және салық активін жүзеге асыру немесе міндеттемелерді өтеу кезеңінде тиісінше күшінде болады деп саналатын салық салу мөлшерлемесі мен салық заңнамасын пайдалана отырып есептеледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін бағалау есеп берілген күндегі ахуал бойынша Компанияның активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеу және орнын толтыру әдістеріне қатысты болжамдарының салықтық салдарын көрсетеді.

## **Болашақ кезеңдердің табыстары**

Брокерлік қызметтер көрсетілгенге дейін алынған сыйақы Компанияның қаржы жағдайы туралы жеке есебінде кейін сақтандыру шартының мерзімі ішінде қызмет көрсетілуіне қарай жүйелі және оңтайлы негізде пайда мен залалға жатқызылып, болашақ кезеңдердің табыстары ретінде көрсетіледі.

## **Резервтер**

Алдағы шығындардың резервтері Компанияның өткен оқиғалар салдарынан туындаған міндеттемелері (заңды немесе үйғарынды) болған кезде және Компания бұл міндеттемелерді өтеуге тиіс болу ықтималдығы жоғары болғанда және мұндай міндеттемелердің мөлшерін жеткілікті дәрежеде дәл бағалау мүмкін болған жағдайда есепте көрсетіледі.

Резерв ретінде танылған сома осы міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді есепке ала отырып, есеп беру күні анықталған міндеттемелерді өтеуге қажетті соманың ең жақсы бағасы болып табылады. Алдағы шығындардың резерв шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжалды ақша ағындары негізінде есептелсе, онда алдағы шығындардың резерві осындай ақша ағындарының дисконттілған құны ретінде анықталады (егер уақыт бойынша ақша құны өзгеруінің әсері елеулі болса).

Міндеттемелерді өтеуге қажетті төлемдерді жартылай немесе толықтай үшінші тарап өтейді деп күтілсе, өтемді алуға толық сенімді болу шартымен және осы дебиторлық берешекті сенімді бағалау мүмкіндігі болған жағдайда тиісті дебиторлық берешек актив ретінде көрсетіледі.

## **Шартты міндеттемелер мен активтер**

Шартты міндеттемелер қаржы жағдайы туралы жеке есепте танылмайды, бірақ оларды өтеу нәтижесіндегі қаражат жылыстауы екіталай болған жағдайларды қоспағанда, жеке қаржы есептілігінде мәлімдеме ашып көрсетіледі.

# **«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық теңгемен)**

Шартты актив қаржы жағдайы туралы есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайда түсүнін мүмкіндігі жоғары болған кезде жеке қаржы есептілігінде мәлімдеме ашып көрсетіледі.

## **Жарғылық капитал**

Жарғылық капитал бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Пайданы бөлу олар жарияланған кезеңде капиталдың азаюы ретінде танылады. Есеп беру күнінен кейін жарияланған пайданы бөлу Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарты «ХБЕС (IFRS)» 10 «Есеп беру күнінен кейінгі оқиға» талаптарына сәйкес есеп беру күнінен кейінгі оқиға ретінде қарастырылады және олар туралы ақпарат тиісті түрде ашылады.

## **Зейнетақылық және жеңілдіктер бойынша басқа да міндеттемелер**

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес зейнетақы төлемдерінің белгілі бір пайызы зейнетақы қорына аудару үшін персоналдың жалпы төлемдерінен ұсталып қалады, бұл ретте енбекақы бойынша шығындардың мұндай бөлігі қызметкерден ұсталып қалып, қызметкердің атынан зейнетақы қорына аударылады. Мұндай шығындар қызметкерлерге төленетін тиісті төлемдер жатқызылатын кезеңде танылады. Зейнетке шыққанда барлық зейнетақы төлемдерін қызметкер таңдаған зейнетақы қоры жүргізеді. Компанияда Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне қатысадан басқа зейнетақымен қамсыздандырудың қосымша үлгілері жоқ. Оған қоса Компанияда қызметкерге зейнетке шыққаннан кейін берілетін жеңілдіктер немесе есептеу қажет берілетін өзге елеулі жеңілдіктер жоқ.

## **Табыс пен шығынды тану**

Комиссиялық сыйақы түріндегі табыс сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жасау бойынша делдалдық қызметтен түсken табыс болып табылады. Брокерлік қызметтерден түсken комиссиялық табыс есептеу әдісі негізінде танылады. Мерзімі бір жылдан асқан сақтандыру полистері бойынша комиссиялық табыс болашақ кезеңдердің табыстарына жатады және полистің қолданылу мерзімі ішінде есептеу әдісі бойынша табыс ретінде танылады. Өзге табыстар тиісті операцияларды немесе қызмет көрсетуді аяқтағанда пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс туралы жеке есепте танылады. Шығындар есептеу әдісі негізінде танылады.

## **Шетел валютасымен жасалатын операциялар**

Компанияның жеке қаржы есептілігі Компания жұмыс істейтін негізгі экономикалық орта валютасымен берілген. Жеке қаржы есептілігін әзірлегендеге Компанияның қолданыстағы валютасында көрсетілмеген ақша активтері мен міндеттемелері (шетел валюталары) есеп беру күніндегі тиісті спот бағамдар бойынша ауыстырылады. Қолданыстағы валютадан өзгеше валюталармен жасалатын операциялар мәміле жасалған күні басымдыққа ие айырбас бағамы бойынша есепке алынады. Осы мәмілелер нәтижесінде болған пайда мен залал шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайдаға қосылады.

## **Айырбас бағамы**

Төменде Компанияның жеке қаржы есептілігін әзірлегендеге қолданған есеп беру күніндегі айырбас бағамы берілген:

	<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2016 жылғы 31 желтоқсан</b>
Тенге/АҚШ доллары	332.33	333.29
Тенге/Евро	398.23	352.42
Тенге/Фунт стерлинг	448.61	409.78

# **«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

## **3. Жаңа және қайта қаралған халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын (ХКЕС) қолдану**

### **Жеке қаржы есептілігіне әсер ететін стандарттар**

Төменде берілген жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелер алғаш рет ағымдағы кезеңде қолданылып, осы жеке қаржы есептілігіндегі қаржы көрсеткіштеріне әсер етті.

- ХКЕС (IAS) 7 «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» стандартына енгізілген түзетулер;
- ХКЕС (IAS) 12 «Жүзеге асырылмаған залалға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» стандартына енгізілген түзетулер;
- ХКЕС-ті жыл сайын жетілдіру, 2014–2016 жылдар аралығы — ХКЕС (IFRS) 12 стандартына енгізілген түзетулер.

### **ХКЕС (IAS) 7 «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» стандартына енгізілген түзетулер**

Компания ағымдағы кезеңде осы түзетулерді алғаш рет қолданды. Түзетулер қаржы есептілігін пайдаланушыларға қаржылық қызмет нәтижесінде болған міндеттемелердің өзгерістерін, соның ішінде ақша ағындарына байланысты өзгерістерді және ақшада қатысы жоқ өзгерістерді бағалауға көмектесетін ақпаратты ашуға қатысты талаптарды енгізеді. Осы түзетулерді қолдану Компанияның жеке қаржы есептілігіне әсер еткен жоқ, себебі Компанияда 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың қаржы қызметі нәтижесінде туындаған міндеттемелер пайда болған жоқ.

### **ХКЕС (IAS) 12 «Жүзеге асырылмаған залалға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» стандартына енгізілген түзетулер**

Компания ағымдағы жылды осы түзетулерді алғаш рет қолданды. Түзетулерде ұйымның шегерілетін мезгілдік айырмалар есептелуі мүмкін елеулі салық салынатын пайданың баржоғын бағалау жолына қатысты түсіндірулер қамтылған.

Осы түзетулерді қолдану Компанияның жеке қаржы есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ, себебі Компания болашақ салық салынатын пайданың жеткіліктілігін түзетулерде көрсетілгенмен салыстыруға болатын әдіспен бағалайды.

### **ХКЕС-ті жыл сайын жетілдіру, 2014–2016 жылдар аралығы**

Компания осы жылды «Жыл сайынғы жетілдірулер, 2014–2016 жылдар аралығы» құжатында қамтылған ХКЕС (IFRS) 12 стандарты құрамына енгізілген түзетулерді алғаш рет қолданды. Осы құжаттың құрамына кіретін басқа да түзетулерді ағымдағы кезеңде қолдану міндетті болып табылмайды және олар мерзімінен бұрын қолданылған жоқ (шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХКЕС тізімін қараңыз).

ХКЕС (IFRS) 12 стандартына енгізілген түзетулер ұйымдардың еншілес және қауымдастырылған ұйымдардағы, сонымен қатар сатуға арналған ретінде жіктелетін (немесе жіктелетін шығатын топ құрамына қосылатын) бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлестеріне қатысты жалпылама қаржы ақпаратын жариялау талаптарынан босатылғаны туралы түсіндіреді. Түзетулер бұл босатудың осындай қатысу үлестеріне қатысты жалпы жариялау талаптары ішіндегі жалғыз ерекше жағдай екенін түсіндіреді.

Осы түзетулерді қолдану Компанияның жеке қаржы есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

# «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық теңгемен)

## Әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС

Компания келесі шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС-ті қолданған жоқ:

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»<sup>1</sup>;
- ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түскен ақша» (ожеңе ХҚЕС (IFRS) 15 стандартына енгізілген түзетулер)<sup>1</sup>;
- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жал»<sup>2</sup>;
- ХҚЕТК (IFRIC) 22 «Шетел валютасымен жасалатын операциялар және өтемді алдын ала төлеу»<sup>1</sup>;
- ХҚЕТК (IFRIC) 23 «Пайдага салынатын салықты есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік»<sup>2</sup>;
- ХҚЕС-ті жыл сайын жетілдіру, 2015–2017 жылдар аралығы<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігі бар, 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады.

<sup>2</sup> Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігі бар, 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады.

## ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»

2009 жылғы қарашада шығарылған ХҚЕС (IFRS) 9 стандарты қаржы активтерін (ҚА) жіктеу мен бағалаудың жаңа талаптарын енгізеді. 2010 жылғы қазанда стандартқа қаржы міндеттемелерін (ҚМ) жіктеу мен бағалаудың және оларды тануды тоқтатудың жаңа талаптарын енгізген түзетулер жасалды. 2013 жылғы қарашада стандарт хеджирлеуді есепке алуға қатысты жаңа талаптармен толықтырылды. Стандарттың жаңартылған нұсқасы 2014 жылғы шілдеде шығарылды. Негізгі өзгерістер а) қаржы активтерінің құнсызыдануына қойылатын талаптарға; ә) қарапайым борыштық құралдардың белгілі бір түрі үшін «басқа да жиынтық табыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын» (БЖТАӘҚБ) қаржы активтерінің жаңа санатын қосуды білдіретін жіктеуге және бағалауға байланысты түзетулерге қатысты болды.

ХҚЕС (IFRS) 9 стандартының негізгі талаптары:

- **Қаржы активтерінің жіктелуі және оларды бағалау.** ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылу аясындағы барлық танылған ҚА алғашқы танудан кейін немесе амортизацияланған құны бойынша я болмаса әділ құны бойынша бағалануы тиіс. Атап айтқанда тек негізгі соманы және сол бойынша алынатын пайызды қамтитын, шартта қарастырылған ақша ағындарын алуды көздейтін бизнес модель аясында ұсталып қалатын борыштық құралдар әдette амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Шартта қарастырылған ақша ағындарын алу, сондай-ақ қаржы активін сату арқылы мақсатына жететін бизнес модель аясында ұсталып қалатын борыштық құралдар, сонымен қатар тек берешектің негізгі сомасын және берешектің негізгі сомасының өтмелеген бөлігінің пайызын өтеу болып табылатын ақша ағындарын алуды белгілейтін шарттық талаптары бар борыштық құралдар әдette БЖТАӘҚБ бойынша көрсетіледі. Барлық басқа борыштық және үлестік құралдар әділ құн бойынша бағаланады. Сонымен қатар ұйым ХҚЕС (IFRS) 9 стандартына сәйкес, кейін бас тарту құқығыныз, пайдада немесе залалда тек дивидендерден алынған табыс танылған басқа да жиынтық табыс құрамында үлестік құралдар (сатуға арналмаған және ХҚЕС (IFRS) 3 стандартына сәйкес бизнесті біркітіру жөніндегі мәміле шенберінде сатып алушы таныған шартты өтеу болып табылмайтын) құнсының кейінгі өзгерістерін ұсынуға шешім қабылдай алады.
- **Қаржы міндеттемелерінің жіктелуі және оларды бағалау.** Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржы міндеттемелерінің өзіндік кредиттік тәуекелдерінің өзгеруіне байланысты әділ құнсының өзгерістері осында танылу пайдада немесе залалда есептік теңгерімсіздіктің қалыптасуына немесе артуына әкелмейтін жағдайда басқа да жиынтық табыста танылуы тиіс. Қаржы міндеттемелерінің өзіндік кредиттік тәуекелінің өзгеруіне байланысты әділ құнсының өзгеруі пайда мен залал туралы есепте қайта жіктелмеуі тиіс. ХҚЕС (IAS) 39 стандартына сәйкес пайда мен залал арқылы әділ құнсының өзгерістері пайда мен залал туралы есепте толықтай танылған.

# «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық тенгемен)

- Құнсыздану.** Қаржы активтерінің құнсыздануын анықтағанда XKEC (IFRS 9) стандарты XKEC (IAS) 39 стандартында қарастырылған ұшыраған шығындар модельінің орнына болжалды кредиттік залал модельін қолдануды талап етеді. Болжалды кредиттік залал модель қаржы активтерін тану күнінен бастап кредиттік тәуекел деңгейіндегі өзгерістерді көрсету үшін әр есептік күнде болжалды кредиттік залал мен оның өзгерістерін есепке алуды қажет етеді. Басқаша айтқанда құнсыздануды тану үшін енді жоғары кредиттік тәуекелді растигын оқиғаларды күттеді қажеті жоқ.
- Тануды тоқтату.** Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтатуға қойылатын талаптар XKEC (IAS) 39 стандартымен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген жоқ.

Стандарт мезгілінен бұрын пайдалану мүмкіндігімен 2018 жылғы 1 қаңтарда күшіне енеді. Таңдалған тәсілге қарай көшу бір уақытта немесе стандарттың түрлі талаптары үшін әртүрлі күнде жүзеге асырылуы мүмкін.

Компания талаптарға немесе XKEC (IFRS) 9 стандартына сәйкес есеп саясатының рұқсат берілген таңдауына сәйкес өзінің саудалық дебиторлық берешегіне қатысты бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалды тануды үйғаратын жеңілдетілген тәсілді қолдануды жоспарлайды.

**Жалпы алғанда басшылық XKEC (IFRS) 9 стандартына сәйкес болжалды кредиттік залал модельін қолдану кредиттік залалды ертерек тануға әкеледі деп және осы балтарға қатысты көрсетілген құнсыздану сомасын көбейтеді деп күтеді.**

## XKEC (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түскен ақша»

XKEC (IFRS) 15 стандартында сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түскен ақшаны есепке алудың бірыңғай кешенді моделі белгіленген. Күшіне енгеннен кейін XKEC (IFRS) 15 стандарты түскен ақшаны тану жөніндегі қолданыстағы стандарттарды, соның ішінде XKEC (IAS) 18 «Түскен ақша», XKEC (IAS) 11 «Құрылым шарттары» және тиісті түсіндірмелерді алмастырады.

XKEC (IFRS) 15 стандартының негізгі принципі: ұйым тауарлардың немесе қызметтердің орнына (ұйым күтетіндей) алуға құқығы бар тиісті сыйақы сомасына үәде берілген тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беруіне қарай түскен ақшаны тануы тиіс. Атап айтқанда стандарт түскен ақшаны танудың бес қадам модельін енгізеді:

- Сатып алушымен жасалатын шартты (шарттарды) белгілеу.
- Шарт бойынша орындалатын міндеттемелерді белгілеу.
- Мәміле бағасын белгілеу.
- Мәміле бағасын шарт бойынша орындалатын міндеттемелер арасында бөлу.
- Ұйым шарт бойынша міндеттемелерін орындағанда/орындауына қарай түскен ақшаны тану.

XKEC (IFRS) 15 стандартына сәйкес ұйым орындаушының міндеттемелері орындалған кезде/орындалуына қарай, яғни орындаушының міндеттемесіне кіретін тауарларды немесе қызметтерді бақылау сатып алушыға көшкенде түскен ақшаны таниды. Стандартта әртүрлі мәмілелерді есепке алуға қатысты егжей-тегжейлі талаптар қамтылған. Оған қоса XKEC (IFRS) 15 стандарты үлкен ақпарат көлемінің ашылуын талап етеді.

2016 жылғы сәуірде XKEC жөніндегі кеңес орындалатын міндеттемелерді және «принципал-агент» қатынасын талдау міндеттемелерін сәйкестендіруге, сонымен қатар лицензиялау нұсқаулығын қолдануға қатысты түзетулер енгізілген XKEC (IFRS) 15 стандартын шығарды.

Компания брокерлік қызметтерден түскен ақшаны есепке алады. Басшылық шарттарды біріктірге, өзгерту өтінімі түріндегі шарттар модификациясына, өзгермелі өтемге, сонымен қатар шартта қаржыландырудың маңызды компонентінің болу-болмауын, әсіресе үәде етілген тауарлар мен қызметтерді сатып алушыға беру және төлем жасау арасында мезгілдік айырмашылықтың туындау себептерін талдауға қатысты XKEC (IFRS) 15 талаптарына талдау жүргізді. Басшылық брокерлік қызмет көрсету шарттары бойынша түскен ақша шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына қарай танылуы тиіс деген қорытынды жасады.

## **«Марш (Страховые Брокеры)»** **Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық тенгемен)**

ХКЕС (IFRS) 16 «Жал»

ХҚЕС (IFRS) 16 жал келісімдерін анықтаудың және жалға беруші мен жалға алушы тарапынан есепке алудың бірыңғай моделін енгізеді. Күшіне енгеннен кейін жаңа стандарт ХҚЕС (IFRS) 17 «Жал» стандартын және оған байланысты барлық түсіндірмелерді алмастырады.

ХҚЕС (IFRS) 16 стандарты жал шарттары мен қызмет көрсетеу шарттарын сатып алушының сәйкестендірілген активті бақылау-бақыламауы негізінде айырады. Жалға алушы үшін операциялық жалгерлік (баланстан тыс есеп) пен қаржылық жалгерлік (баланстағы есеп) бөлінбейтін болады, оның орнына жалға алушы есебінде пайдалану құқығы формасындағы актив пен қысқа мерзімді жалға алуды және құны төмен активтерді жалға алуды қоспағанда барлық жал шарттарына қатысты тиісті міндеттеме (барлық шарттар бойынша баланстағы есеп) танылуы тиіс модель қолданылады.

Пайдалану құқығы формасындағы актив алғашқыда бастапқы құны бойынша танылады және бастапқы танудан кейін жинақталған амортизацияны және құнысыздандыру жинақталған залалды шегере отырып, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауды түзете отырып, бастапқы құны бойынша (бірнеше ерекшелікті ескере отырып) есепке алынады. Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда қалған жалгерлік төлемдердің келтірілген құны бойынша бағаланады. Бастапқы танылғаннан кейін жалдау жөніндегі міндеттеме жалдау төлемдеріне және міндеттеме бойынша пайыздарға, сондай-ақ басқалармен қатар жалдау шартының модификацияларының әсеріне түзетіледі. Бұдан басқа ақша ағындарын жіктеу де өзгереді, өйткені ХКЕС (IAS) 17 стандартына сәйкес операциялық жалгерлік шарттар бойынша төлемдер операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары ретінде жіктеледі, ал ХКЕС (IFRS) 16 стандартына сәйкес жалгерлік төлемдер тиісінше қаржылық және операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары ретінде ұсынылатын міндеттеме мен пайыздардың негізгі сомасын өтеуге бөлінетін болады.

Жалға алушы тарапынан есепке алуға қарағанда, жалға беруші тарапынан ХКЕС (IFRS) 16 сәйкес есепке алу іс жүзіндегі ХКЕС (IAS) 17 стандартымен салыстырғанда өзгеріссіз қалды және жалғарттарын операциялық немесе қаржылық жалгерлікке бөлуді талап етеді.

Оған қоса XКЕС (IFRS) 16 стандартына сәйкес ақпаратты ашуға қойылатын талаптар айтарлықтай көнейтілді.

**ХҚЕТК (IFRIC) 22 «Шетел валютасымен жасалатын операциялар және өтемді алдын**

ХҚЕТК (Халықаралық қаржы есептілігін түсіндіру комитеті) актив, шығын немесе табыс үшін өтемақы шетел валютасында аванспен алынған немесе төленген және ақшалай емес активті немесе міндеттемені (яғни алдын ала төленген табысқа қатысты өтмелейтін алдын ала төлемді немесе міндеттемені) тануға алып келген жағдайда, мұндай активті, шығынды және табысты бастапқы таныған кезде пайдаланылуы тиіс айырбас бағамын анықтау мақсаты үшін операция күнін анықтау жолын түсіндіреді.

Тұсіндірме алдын ала төлемнің төленуі немесе түсуі нәтижесінде ақшалай емес активті немесе міндеттемені тану күні операция күні болып табылатынын айқындарды. Ұйым бірнеше алдын ала төлем жүргізетін немесе алатын болса, операция күні әрбір алдын ала төлемді төлеу немесе санын түсінүүшін жеке аныктадады.

ХҚЕТК 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады немесе осы күннен кейін мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Үйымдар ХҚЕТК-ні ретроспективті немесе перспективті түрде қолдана алады. Перспективті қолданған кезде өту бойынша

# «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

## ХҚЕТК (IFRIC) 23 «Пайдаға салынатын салықты есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік»

ХҚЕТК (IFRIC) 23 салықты түсіндіруде белгісіздіктер орын алғанда пайдаға салынатын салықты есепке алу жолын анықтайды. Түсіндірме үйімнан мыналарды талап етеді:

- әрбір белгісіз салықтың түсіндіруді жеке немесе басқа белгісіз салықтың түсіндірулердің біреуімен не бірнешеуімен бірге қарастыру керек/көрек емес екенін анықтау; және
- үйім пайдаға салынатын салық бойынша декларацияны дайындаған кезде пайдаланған немесе пайдалануды жоспарлаған белгісіз салықтың түсіндірумен салық органды келісітінінің жоғары ықтималдығы бар-жоғын бағалау:
  - жоғары ықтималдық бар болса, үйім пайдаға салынатын салықты осындағы салықтың түсіндіруге сәйкес ескереді;
  - жоғары ықтималдық болмаса, үйім пайдаға салынатын салықты есепке алған кезде белгісіздік әсерін көрсетуі тиіс.

ХҚЕТК 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады немесе осы күннен кейін мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Үйімдар ХҚЕТК-ні ретроспективті түрде (егер бұл ең соғы ақпаратты пайдаланбай-ақ мүмкін болса) немесе салыстыру ақпаратын қайта есептемей жаңартылған ретроспективті тәсілді пайдалану арқылы қолдана алады.

Компания басшылығы аталған ХҚЕТК-ні қолдану Компанияның жеке қаржы есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтеді, өйткені ол ХҚЕТК (IFRIC) 23 талаптарына ұқсас есепке алууды бұрыннан қолданады.

## ХҚЕС-ті жыл сайын жетілдіру, 2015–2017 жылдар аралығы

«ХҚЕС-ті жыл сайын жетілдіру, 2015–2017 жылдар кезеңі» құжаты бірнеше стандартқа түзетулер енгізеді.

ХҚЕС (IFRS) 3 стандартына енгізілген түзетулер бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылауды алған кезде үйім осы бизнестегі бұрын болған үлесін қайта бағалайтынын түсіндіреді. ХҚЕС (IFRS) 11 стандартына енгізілген түзетулер бірлескен операция болып табылатын бизнеске ортақ бақылауды алған кезде үйім осы бизнeste бар үлесін қайта бағаламайтынын айқындаиды.

ХҚЕС (IAS) 12 стандартына енгізілген түзетулер дивидендтерді төлеудің барлық салықтың салдары (яғни пайданы бөлу) салықтың туындау жолына қарамастан пайда және залал туралы есепте көрсетілуі тиіс екенін түсіндіреді.

ХҚЕС (IAS) 23 стандартына енгізілген түзетулер, егер квалификацияланатын активті алу үшін арнағы алынған кредит немесе қарыз тиісті актив мақсатына қарай пайдалануға немесе сатуға дайын болған күні өтмелеген болса, капиталдандыру мөлшерлемесін есептеу мақсаттары үшін мұндай кредит немесе қарыз жалпы мақсаттарда алынған қарыз қаражатының бөлігі болатынын анықтайды.

Барлық түзетулер 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады.

Компания басшылығы түзетулерді болашақта қолдану Компанияның жеке қаржы есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтеді.

# «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық тенгеңем)

## 4. Жалпы және әкімшілік шығындар

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Енбекақы бойынша шығындар	288,447	197,783
Бас компанияның басқару қызметтері үшін төленетін комиссия	57,335	45,648
Кәсіби қызметтер	21,973	43,969
Жал бойынша шығындар	16,651	16,651
Іссапар шығындары	7,974	10,739
Тозу және амортизация	7,326	8,092
Көлік қызметтері	6,100	5,274
Мұлікті және жауапкершілікті сақтандыру	4,947	4,655
Байланысқа кететін шығындар	4,905	8,849
Коммуналдық қызметтер	2,333	2,254
Пошталық және курьерлік қызметтер	1,369	1,434
Банк комиссиялары	1,268	1,100
Оқуға және конференцияларға кететін шығындар	1,153	1,900
Әкілдік ету шығындары	1,050	1,106
Салықтар, пайдаға салынатын салықты қоспағанда	453	289
Басқасы	8,502	11,006
	<b>431,786</b>	<b>360,749</b>

## 5. Құнсыздануға арналған резерв

	2017	2016
Жылдың басында	255	5,733
Құнсыздануға арналған резервтерді қалыптастыру / (қалпына келтіру)	96	(5,478)
<b>Жылдың аяғында</b>	<b>351</b>	<b>255</b>

## 6. Пайдаға салынатын салық

Компания өз қызметін жүзеге асиратын Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарына (ХҚЕС-тен өзгешеленуі мүмкін) сәйкес орындалатын салық есебі деректерінің негізінде ағымдағы кезеңге салық бойынша есептеулер жасайды.

Шығындардың кейбір түрлері салық салу мақсаттары үшін ескерілмейтіндіктен, сондай-ақ салық салынбайтын табыс бар болғандықтан, Компанияда үнемі белгілі бір салық айырмасы болып тұрады.

Кейінге қалдырылған салық қаржы есептілігінің мақсаттарында анықталатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құны және салық салу мақсаттарында анықталатын сома арасындағы мезгілдік айырмалардан болған таза салықтық әсерді көрсетеді. 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша мезгілдік айырмалар негізінен табыс пен шығынды есептеудің түрлі әдістеріне, сондай-ақ кейбір активтердің есептік құнына байланысты.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша кейінге қалдырылған салық активтері төмендегілердің қамтыды:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Есептелген шығындар	16,158	5,822
Құнсыздануға арналған резервтер	70	51
Болашақ кезеңдердің табыстары	-	25
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(532)	(1,039)
<b>Таза кейінге қалдырылған салық активтері</b>	<b>15,696</b>	<b>4,859</b>

# «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардың салықтарды төлеу бойынша шығындары мен бухгалтерлік есеп бойынша табысы арасындағы қатынас төмөндегідей болды:

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<u>Салық салуға дейінгі пайда</u>	409,169	503,996
20 % белгіленген мөлшерлеме бойынша пайдаға салынатын салық <u>Шегерілмейтін шығындар</u>	81,834 20,480	100,800 4,649
<b>Пайдаға салынатын салық бойынша шығын</b>	<b>102,314</b>	<b>105,449</b>

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Ағымдағы пайдаға салынатын салық бойынша шығын Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық бойынша үнем/(шығын)	113,151 (10,837)	103,308 2,141
<b>Пайдаға салынатын салық бойынша шығын</b>	<b>102,314</b>	<b>105,449</b>

Кейінге қалдырылған салық активтерінің қозғалысы:

	2017 жыл	2016 жыл
Жыл басындағы таза кейінге қалдырылған салық активтері Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық бойынша үнем/(шығын)	4,859 10,837	7,000 (2,141)
<b>Жыл аяғындағы таза кейінге қалдырылған салық активтері</b>	<b>15,696</b>	<b>4,859</b>

## 7. Ақшалай қаражат пен оның баламалары

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша (тенге)	667,187	963,436
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша (шетел валютасы)	66,759	3,889
	<b>733,946</b>	<b>967,326</b>

## 8. Дебиторлық берешек

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Дебиторлық берешек Құнсызданудан болған залалға арналған резервтерді шегергенде	294,573 (351)	86,905 (255)
	<b>294,222</b>	<b>86,650</b>

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы дебиторлық берешектер бойынша құнсыздануға арналған резерв қозғалысы 5-ескертуде берілген.

**«Марш (Страховые Брокеры)»  
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

**9. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер**

	Кеңсе жабдығы және компьютерлік жабдық	Автокөлік	Материалдық емес активтер	Барлығы
<b>Бастапқы құны бойынша</b>				
<b>2015 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>31,231</b>	<b>36,988</b>	<b>1,148</b>	<b>69,367</b>
Сатып алу	3,771	-	2,202	5,973
Істен шығу	(2,055)	(14,885)	(1,148)	(18,088)
<b>2016 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>32,947</b>	<b>22,103</b>	<b>2,202</b>	<b>57,252</b>
Сатып алу	172	-	-	172
Есептен шығару	(171)	-	-	(171)
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>32,948</b>	<b>22,103</b>	<b>2,202</b>	<b>57,253</b>
<b>Жинақталған тозу мен амортизация</b>				
<b>2015 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>17,510</b>	<b>18,756</b>	<b>1,148</b>	<b>37,414</b>
Бір жылға есептелгені	5,506	2,569	17	8,092
Істен шықкан кездегі есептен шығару	(2,055)	(11,908)	(1,148)	(15,111)
<b>2016 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>20,961</b>	<b>9,417</b>	<b>17</b>	<b>30,395</b>
Бір жылға есептелгені	4,642	2,481	203	7,326
Есептен шығару	(171)	-	-	(171)
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>25,432</b>	<b>11,898</b>	<b>220</b>	<b>37,550</b>
<b>Таза баланстық қун</b>				
<b>2016 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>11,986</b>	<b>12,686</b>	<b>2,185</b>	<b>26,857</b>
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>7,516</b>	<b>10,205</b>	<b>1,982</b>	<b>19,703</b>

**10. Кредиторлық берешек**

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Marsh тобы	41,033	29,254
Басқасы	97	1,926
	<b>41,130</b>	<b>31,180</b>

**11. Басқа міндеттемелер**

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>Басқа қаржы міндеттемелері:</b>		
Есептелген бонус	59,302	15,505
Аудит қызметтері бойынша берешек	10,647	8,275
Демалыстар бойынша резерв	6,660	2,265
Салық кеңесшілерінің қызметтері бойынша берешек	4,179	3,064
Қызметкерлер алдындағы берешек	-	43
<b>Басқа қаржы міндеттемелерінің жиынтығы</b>	<b>80,788</b>	<b>29,152</b>

# **«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

## **12. Жарғылық капитал**

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның жарғылық капиталы бекітіліп, 10,000 мың теңге төленді. Компанияның жалғыз меншік иесі — Нидерландта тіркелген «Марш энд МакЛеннан Компанииз Сервисез Б.В.» компаниясы.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компания 343,915 мың теңге көлеміндегі дивидендтерді жариялады және төледі.

## **13. Шартты қаржы міндеттемелері**

### **Күрделі қаржы шығындары бойынша міндеттемелер**

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның күрделі қаржы шығындары бойынша елеулі міндеттемелері болған жоқ.

### **Операциялық жалгерлік шарттар бойынша міндеттемелер**

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның бұзылмайтын операциялық жалгерлік келісімдер бойынша елеулі міндеттемелері болған жоқ.

### **Сот қуыннымдары**

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде Компанияға қуынным берілген жоқ. Басшылық Компанияға елеулі залал келмейді деп есептейді, сондықтан жеке қаржы есептілігінде резервтер қарастырылмаған.

### **Салық заңнамасы**

Қазақстан Республикасының коммерциялық, атап айтқанда салық заңнамасында бірнеше түсіндірмесі болуы мүмкін ережелердің болуына байланысты. Сонымен қатар салық органдарының компания қызметінің мәселелері бойынша еркін пайымдау жасау тәжірибесіне байланысты қауіп бар. Салық органдары Басшылық тараптынан Компанияның қызметіне қатысты заңнаманы түсінуге негізделген қандай да бір нақты іс-әрекетті даулаған жағдайда, оның нәтижесі қосымша салық, айыппұл және өсімпұл төлемдеріне әкелуі мүмкін.

Компания Басшылығы барлық қажетті салықтық төлемдер жасалғанына сенімді, сондықтан жеке қаржы есептілігінде резервтер қарастырылмаған.

Салық органдарының салық кезеңі жабылғаннан кейін бес жыл ішінде салық төлемдерінің дұрыстығын тексеруге құқығы бар.

### **Операциялық орта**

Қазақстан Республикасы сияқты дамушы елдердің нарықтары дамыған нарықтардан өзгешеленетін экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге үшіншілік мүмкін. Қазақстан Республикасында бизнес жүргізуі реттеуіші заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеріліп мүмкін, оларды еркін түсіндіру мүмкіндігі бар. Қазақстан Республикасының болашақ даму бағыты негізінен мемлекеттің салықтық және ақшалай-кредиттік саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси жағдайдың өзгерістеріне байланысты.

# «Марш (Страховые Брокеры)»

## Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
**Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)**  
 (басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

Қазақстан Республикасы мұнай және газды үлкен көлемде өндіруші және экспорттаушы ел болғандықтан, әлемдік нарықтағы мұнай мен газ бағасының өзгерістері Қазақстан Республикасының экономикасына айрықша әсерін тигізді. 2014-2015 жылдары, сондай-ақ 2016 жылдың бірінші тоқсанында энергия ресурстарының бағасы едәүір төмендеді, бұл экспорттан түсетін үлттық табыстың едәүір азаюына әкеліп соқты. 2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үлттық Банкі тенгенің еркін құбылмалы бағамына негізделген жаңа ақшалай-кредиттік саясатқа ауысатыны туралы жариялады және валюталық дәліз күшін жойды. 2015 жылы және 2016 жылдың бірінші тоқсанында теңге басқа негізгі валюталарға қатысты елеулі құнсызданды.

Компания Басшылығы ағымдағы жағдайдың өзгерістерін бақылап отырады және жақын болашақта Компания бизнесінің тұрақтылығын сақтау және оны дамыту үшін дәл қазіргі жағдайларда қажет деп санайтын шараларды қолданады. Алайда Басшылық бағаның әрі қарай өзгеруін және оның Компанияның қаржы жағдайына тигізуі мүмкін әсерін дәл бағалай алмайды.

### 14. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

Байланысты тараптар немесе байланысты тараптармен жасалатын операциялар ХКЕС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» стандартында берілген анықтамаға сәйкес мыналарды қамтиды:

Директорлар мен негізгі басшылықтың басқа мүшелеріне сыйақы беру жолы төмендегідей:

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл		
	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржы есептілігі балтарына сәйкес санат бойынша жиынтығы	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржы есептілігі балтарына сәйкес санат бойынша жиынтығы
<b>Негізгі басқарушы персоналға сыйақы беру:</b>	75,855	288,447	51,122	197,783
- қызметкерлердің еңбекақысы және басқа да қысқа мерзімді сыйақылары	75,855		51,122	

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша байланысты тараптармен жасалатын Компания операциялары бойынша қалдықтар төменде берілген:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан		
	Байланысты тараптармен баланстар	Қаржы есептілігі балтарына сәйкес санат бойынша жиынтығы	Байланысты тараптармен баланстар	Қаржы есептілігі балтарына сәйкес санат бойынша жиынтығы
Дебиторлық берешек	270,136	294,222	65,811	86,650
- жалпы бақылаудағы компаниялар	270,136		65,811	
Кредиторлық берешек	41,033	41,130	29,254	31,180
- жалпы бақылаудағы компаниялар	41,033		29,254	

# «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық тенгемен)

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардың пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс туралы жеке есебінде байланысты тараптармен жасалатын операциялар бойынша туындаған келесі сомалар көрсетілді:

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл		2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	
	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржы есептілігі баптарына сәйкес санат бойынша жиынтығы	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржы есептілігі баптарына сәйкес санат бойынша жиынтығы
Брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстар	533,624	841,990	691,442	850,288
- жалпы бақылаудағы компаниялар	533,624		691,442	
Басқа табыстар	-	-	65	65
- жалпы бақылаудағы компаниялар	-		65	
Жалпы және әкімшілік шығындар				
Бас компанияның басқару қызметтері үшін төленетін комиссия	57,335	143,339	45,648	162,966
- бас компания	57,335		45,648	

## 15. Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құны активті сатудан алғынұтыс болған немесе бағалау күні нарыққа қатысушылар арасындағы кәдімгі мәміле шеңберінде міндеттемелерді табыстау кезінде төленуі тиіс болған бағанды ескеріп анықталады. Басшылық қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны осы активтер мен міндеттемелердің қысқа мерзімділігіне байланысты шамамен олардың баланстық құнына сәйкес келеді деп санайды. Компанияның әділ құны бойынша қандай да бір қаржы активі мен міндеттемесі жоқ, сондықтан әділ құны иерархиясы берілмеген.

## 16. Капиталды басқару

Компания қарыз ақша мен капитал қатынасын оңтайландыру арқылы қатысушылардың пайdasын барынша арттыра отырып, жақын болашақта қызметін жалғастыру үшін капиталды басқарады.

Компания капиталының құрылымы төленген жарғы капиталы мен бөлінбеген пайда кіретін қатысушы капиталынан тұрады және ол қатысушы капиталындағы өзгерістер туралы есепте ашып көрсетіледі.

Капитал құрылымын Компания Басшылығы жарты жылда бір рет қарайды. Осындағай қарау кезінде Басшылық, әсіресе, капитал құнын және әр капитал класына байланысты тәуекелдерді талдайды. Басшылықтың ұсыныстары негізінде Компания бөлінген пайданы төлеу, жарғылық капиталды көбейту, қосымша қарыз ақша тарту немесе қолданыстағы кредиттерді өтеу арқылы капитал құрылымын түзетеді.

Компанияның капиталды басқару тәуекелдеріне қатысты жалпы саясаты 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы өзгерген жоқ.

# «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық тәнгемен)

## 17. Тәуекелдерді басқару саясаты

Тәуекелдерді басқару Компания қызметінде маңызды рөл атқарады. Компанияның қызметіне тән негізгі тәуекелдерге мыналар жатады:

- Операциялық тәуекел;
- Кредиттік тәуекел;
- Өтімділік тәуекелі; және
- Нарықтық тәуекел.

Әрекетті және тиімді тәуекелдерді басқару саясатын қамтамасыз ету үшін Компания негізгі мақсаты Компанияны бар тәуекелдерден қорғап, жоспарланған көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік беру болып табылатын тәуекелдерді басқарудың негізгі принциптерін белгіледі. Берілген принциптерді Компания келесі тәуекелдерді басқарғанда пайдаланады:

### Операциялық тәуекел

Компания жүйенің тиімсіздігі немесе ішкі процестердің, жүйелердің бұзылуы, адам факторының болуы немесе қандай да бір сыртқы жағымсыз фактордың әсері салдарынан залал шегу арқылы операциялық тәуекелге ұшырауы мүмкін.

Компанияның тәуекелдерді басқару саясаты тиісті шектеулер мен бақылауды белгілеу үшін осы тәуекелді айқындау және талдау ескерілетіндей әзірленген.

### Кредиттік тәуекел

Компания оның ақшалай қаражат пен баламаларынан және дебиторлық берешектен басқа қаржы активтері болмауына байланысты кредиттік тәуекелге ұшырамайды.

Әрі қарай мойындалған халықаралық рейтинглік агенттікті немесе ішкі рейтингіні пайдаланып бағаланған 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша кредиттік рейтінгілерге сай Компанияның қаржы активтерінің жіктелуі берілген:

	BBB	BBB-	Кредиттік рейтинг берілмеген	2017 жылғы 31 желтоқсан Жиынтығы
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	-	733,946	-	733,946
Дебиторлық берешек	280,050	14,172	-	294,222
	BBB	BBB-	Кредиттік рейтинг берілмеген	2016 жылғы 31 желтоқсан Жиынтығы
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	967,326	-	-	967,326
Дебиторлық берешек	86,650	-	-	86,650

Компанияның қызмет аясы жалпы алғанда қаржы құралдарына қатысты туындастын кредиттік тәуекелге бейім. Компанияның кредиттік тәуекелі Қазақстан Республикасында шоғырланған.

# «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық теңгемен)

Келесі кестеде құнсызданған активтердің, сондай-ақ мерзімі кешіктірілген берешектің туындау уақыты бойынша құнсыздану залалына дейін жіктелетін құнсызданбаған активтердің баланстық құны берілген:

Қаржы активтері, мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған						2017 жылғы 31 желтоқсан		
						Құнсыз- данудан болжан залалға арналған резерв	Жиынтығы	
Ағымдағы құнсыз- данбаған активтер	3 айға дейін	6 ай – 1 жылдан 3-6 ай	1 жыл	астам	Құнсыз- данған қаржы активтері			
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	733,946	-	-	-	-	-	733,946	
Дебиторлық берешек	294,222	-	-	-	351	(351)	294,222	

Қаржы активтері, мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған						2016 жылғы 31 желтоқсан		
						Құнсыз- данудан болжан залалға арналған резерв	Жиынтығы	
Ағымдағы құнсыз- данбаған активтер	3 айға дейін	6 ай – 1 жылдан 3-6 ай	1 жыл	астам	Құнсыз- данған қаржы активтері			
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	967,326	-	-	-	-	-	967,326	
Дебиторлық берешек	86,650	-	-	-	255	(255)	86,650	

## Географиялық шоғырландыру

Компания заңнама нормаларындағы өзгерістерге байланысты тәуекелге бақылау жүргізеді және оның Компания қызметіне әсерін бағалайды. Бұл тәсіл Компанияға Қазақстан Республикасындағы инвестициялық климаттың өзгеруінен болуы мүмкін залалды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның Қазақстанның тыс дебиторлық берешегінің шоғырлануы тиісінше 91,8 % және 76,0 % құрады.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның Қазақстанның тыс кредиторлық берешегінің шоғырлануы тиісінше 99,8 % және 93,8 % құрады.

Компанияның дебиторлық және кредиторлық берешектен басқа барлық қаржы активтері мен міндеттемелері Қазақстанда орналасқан.

## Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі — нақты төлеу мерзімі келгенде қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алу кезінде қыындықтар туындау тәуекелі.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның пайыз есептелеңтін активтері мен міндеттемелері болған жоқ.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның өтімділік тәуекелінің туындауына әкелуі мүмкін елеулі қаржы міндеттемелері болған жоқ.

# «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық теңгемен)

## Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекелге пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі, валюталық тәуекел және Компания ұшырауы мүмкін басқа да баға тәуекелдері кіреді. 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы Компанияда осы тәуекелдердің құрамы мен оларды бағалау және басқару әдістерінде өзгерістер болған жоқ.

Компания қаражат тартпайтындықтан және пайыз есептегендегі кредиттері болмағандықтан, пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды.

Компания Басшылығы Компания пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі бойынша елеулі тәуекелге және ақша ағындарына қатысты тиісті тәуекелге ұшырамайды деп есептейді. Басшылық Компанияның қаржы қызметінің ағымдағы нәтижелерін бағылайды, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне қатысты Компанияның осалдығын және оның Компания пайдасына әсерін бағалайды.

## Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел валюталардың айырбас бағамының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелін білдіреді. Компанияның қаржы жағдайы және ақша ағындары шетел валюталарының айырбас бағамының құбылуы әсеріне ұшырауға бейім.

Компания валюталық тәуекелді айырбас бағамының құбылуына және басқа да макроэкономикалық индикаторларға жүйелі түрде мониторинг жүргізу арқылы ашық валюталық позицияны қадағалау жолымен басқарады.

Компанияның валюталық тәуекелінің деңгейі туралы ақпарат төменде берілген:

	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = Тенге 332,33 тенге	Евро 1 Евро = тенге 398,23 тенге	Фунт стерлинг 1 Фунт = тенге 448,61 тенге	2017 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
<b>ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:</b>				
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	667,187	66,759	-	733,946
Дебиторлық берешек	24,086	265,102	3,845	1,189
<b>ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ЖИЫНТЫГЫ</b>	<b>691,273</b>	<b>331,861</b>	<b>3,845</b>	<b>1,189</b>
<b>1,028,168</b>				
<b>ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:</b>				
Кредиторлық берешек	97	-	1,693	39,340
Басқа міндеттемелер	80,788	-	-	41,130
<b>ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ЖИЫНТЫГЫ</b>	<b>80,885</b>	<b>-</b>	<b>1,693</b>	<b>39,340</b>
<b>АШЫҚ БАЛАНСТЫҚ ПОЗИЦИЯ</b>	<b>610,388</b>	<b>331,861</b>	<b>2,152</b>	<b>(38,151)</b>
				<b>906,250</b>

# «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Жеке Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)  
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық теңгемен)

	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = Тенге	Евро 1 Евро = 352,42 тенге	Фунт стерлинг 1 Фунт = 409,78 тенге	2016 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
<b>ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ:</b>				
Ақшалай қаржат пен оның баламалары	963,437	3,889	-	967,326
Дебиторлық берешек	19,847	55,350	10,367	1,086 86,650
<b>ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>983,284</b>	<b>59,240</b>	<b>10,367</b>	<b>1,086 1,053,976</b>
<b>ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ:</b>				
Кредиторлық берешек	1,820	558	946	27,856 31,180
Басқа міндеттемелер	29,152	-	-	29,152
<b>ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>30,972</b>	<b>558</b>	<b>946</b>	<b>27,856 60,332</b>
<b>АШЫҚ БАЛАНСТЫҚ ПОЗИЦИЯ</b>	<b>952,312</b>	<b>58,682</b>	<b>9,421</b>	<b>(26,770) 993,644</b>

## Валюталық тәуекелге сезімталдықты талдау

Төмендегі кестеде АҚШ доллары мен евро бағамының теңгеге қатысты көтерілуі мен түсініне Компания сезімталдығының талдауы берілген. Берілген сезімталдық деңгейі Компанияның негізгі басқарушы персоналы үшін валюталық тәуекелдер туралы есептер жасағанда Компания ішінде қолданылады және Компания басшылығының валюта бағамдарының ықтимал өзгерістерін бағалауы болып табылады. Сезімталдықты талдауда айырбастағанда 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында +20 %/-20 %-ға өзгерілген бағамдар қолданылатын кезең соңында болған шетел валютасындағы сомалар ғана қамтылған.

	2017 жылғы 31 желтоқсан		2016 жылғы 31 желтоқсан	
	тенге/ АҚШ доллар ы +20 %	тенге/ АҚШ доллары -20 %	тенге/ АҚШ доллары +20 %	тенге/ АҚШ доллар ы -20 %
Пайдаға не залалға және қатысушы капиталына әсері	66,372	(66,372)	11,736	(11,736)
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>				
	тенге/ евро +20 %	тенге/ евро -20 %	тенге/ евро +20 %	тенге/ евро -20 %
Пайдаға не залалға және қатысушы капиталына әсері	430	(430)	1,890	(1,890)

## Баға тәуекелі

Компания үлестік құнды қағаздарға салынған қаржыға қатысты баға тәуекеліне үшірамайды, себебі ол осы құралдармен сауда операцияларын жүргізбейді.

## 18. ЕСЕПТІК КЕЗЕҢ АЯҚТАЛҒАННАН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Жеке қаржы есептілігіне қол қойылған күні Басшылық қосымша ашып көрсетуді талап ететін оқиға ретінде белгілейтін қандай да бір оқиға болған жоқ.